



## ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ – СТУДЕНТ МҮМКІНДІГІ: «ТАРИХ» БББ БОЙЫНША СЫРТҚЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ

**Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы**

*Есенов университеті, «Тарих және және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы,  
магистр*

*Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы*

*e-mail: [alpakon02092000@mail.ru](mailto:alpakon02092000@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Мақалада Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің 6B01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып отырған сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасының даму үдерісі қарастырылады. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдары бойынша магистр Сидешова Роза Азименқызының академиялық ұтқырлық жүйесін қалыптастырудағы ұйымдастырушылық, ғылыми және үйлестірушілік қызметі талданады. Автор аталған оқытушының Түркия Республикасындағы Niğde Ömer Halisdemir University университетімен халықаралық байланыстарды нығайтудағы, студенттердің шетелдік білім беру кеңістігіне кірігуін қамтамасыз етудегі және академиялық ұтқырлық бағдарламасының тұрақты жүйеге айналуындағы еңбегіне ғылыми тұрғыда баға береді. Сонымен қатар Сидешова Роза Азименқызының Маңғыстау тарихын зерттеу бағытындағы ғылыми еңбектері, тарихи-мәдени жобалары, қоғамдық қызметі, мемлекеттік және ведомстволық марапаттары, сондай-ақ студенттердің кәсіби қалыптасуына қосқан үлесі сараланады. Зерттеу нәтижесінде 6B01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасының халықаралық академиялық кеңістікке жүйелі түрде кірігуінде Сидешова Роза Азименқызының қызметі шешуші факторлардың бірі болғаны анықталды.

**Түйін сөздер:** академиялық ұтқырлық, халықаралық білім беру, тарих білім беру бағдарламасы, Маңғыстау тарихы, халықаралық ынтымақтастық, студенттердің кәсіби дамуы.

**Кіріспе.** Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – халықаралық академиялық кеңістікке бейімделген, кәсіби құзыреттілігі жоғары және ғылыми ойлау мәдениеті қалыптасқан мамандар даярлау болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда академиялық ұтқырлық бағдарламалары студенттердің халықаралық тәжірибе алмасуына, ғылыми көзқарасының кеңеюіне және кәсіби даярлығының жетілуіне ықпал ететін маңызды стратегиялық тетік ретінде қарастырылады. Әсіресе тарих саласы бойынша білім алатын студенттер үшін әлемдік тарихи үдерістерді салыстырмалы тұрғыдан зерделеу, түрлі ғылыми мектептердің тәжірибесімен танысу және халықаралық білім беру кеңістігінде білім алу ерекше маңызға ие.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу деңгейі академиялық ұтқырлық бағдарламаларының сапалы ұйымдастырылуымен және халықаралық ынтымақтастық байланыстарының тұрақтылығымен айқындалады. Осыған байланысты сыртқы академиялық



ұтқырлық бағдарламалары студенттердің кәсіби әлеуетін арттыруға, ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруға және халықаралық тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін маңызды білім беру тетігі ретінде бағаланады.

**Негізгі бөлім.** 6B01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасының жүзеге асырылуы Түркия Республикасындағы Niğde Ömer Halisdemir University университетімен орнатылған серіктестік аясында жүйелі түрде дамып келеді. Анадолы аймағында орналасқан бұл жоғары оқу орны гуманитарлық ғылымдар, тарих, археология және мәдениеттану бағыттары бойынша сапалы білім беруімен және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг



университетінде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Университеттің 6B01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша сыртқы академиялық ұтқырлықты дамытуда «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдары бойынша магистр Сидешова Роза Азименқызының кәсіби және ұйымдастырушылық қызметі ерекше орын алып, шешуші рөл

атқарды. Оның бастамашылдығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде халықаралық білім беру байланыстары кеңейіп, студенттердің шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуына нақты мүмкіндік қалыптасты. Ол академиялық ұтқырлық бойынша құжаттарды рәсімдеу, студенттердің жеке оқу жоспарларын сәйкестендіру, пәндерді өзара тану үдерістерін үйлестіру, қабылдаушы университетпен тұрақты байланыс орнату және студенттердің академиялық нәтижелерін бақылау бағыттарында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Оның кәсіби үйлестіруінің нәтижесінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы формальді сипаттағы жоба деңгейінде қалып қоймай, нақты нәтижеге бағытталған тұрақты халықаралық білім беру тетігіне айналды.

2023 – 2024 оқу жылының күзгі семестрінен бастап аталған серіктес университет базасында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы тұрақты түрде жүзеге асырыла бастады. Бағдарлама аясында алғашқы болып Тарих-20-1 оқу тобының студенті Ізтілеуова Данагүл білім алды. Кейінгі кезеңдерде



студенттердің саны тұрақты түрде артып, 2023 – 2024 оқу жылы ішінде төрт студент, 2024 – 2025 оқу жылы барысында он студенттен астам білім алушы Түркиядағы серіктес университетте оқыды. Ал 2025 – 2026 оқу жылының көктемгі семестрін қоса есептегенде бағдарлама аясында білім алған және білім алып жатқан студенттердің жалпы саны 30-ға жетті. Бұл көрсеткіш білім беру бағдарламасының халықаралық академиялық кеңістікке жүйелі түрде кірігіп отырғанын дәлелдейді.

Сидешова Роза Азименқызының ғылыми-педагогикалық қызметі халықаралық академиялық байланыстармен ғана шектелмейді. Ол жаңа және қазіргі заман кезеңіндегі Маңғыстау тарихын зерттеумен айналысатын білікті тарихшы-ғалымдардың бірі болып табылады. Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында Ресей Федерациясының мемлекеттік архивтарындағы, Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві мен Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивіндегі тарихи құжаттар жан-жақты зерттеліп, нәтижесінде бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Ғалымның ғылыми еңбектерінің қатарында «XX ғасырдың 20 – 30 жылдарындағы Маңғыстаудың қоғамдық-саяси өмірі» атты оқу құралы ерекше орын алады. Бұл еңбек өңірдің қоғамдық-саяси тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелі талдауға бағытталған маңызды зерттеулердің бірі саналады. Сонымен қатар оның «Маңғыстау тарихы», «Тарихи өлкетану», «Мұражайтану және ескерткіштерді қорғау», «XIX–XX ғасырлардағы Маңғыстаудың әлеуметтік-экономикалық саяси дамуы» сияқты оқу құралдары мен әдістемелік еңбектері студенттердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған.

Роза Азименқызының зерттеу бағыттарының бірі – қазақ жерінің аумақтық тұтастығын сақтауда маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін зерттеу. Осы бағыттағы ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 2022 жылы Түркияның Нийде қаласында өткен IX Түркі әлемі зерттеулерінің халықаралық симпозиумына қатысып, «Түркі халықтарының ата жұрты – қазақ жерінің аумақтық тұтастығы үшін күрескер тұлға» тақырыбында ғылыми баяндама жасады. Бұл ғылыми жұмыс халықаралық ғылыми ортада жоғары бағаланып, қазақстандық тарихи зерттеулердің шетелдік академиялық кеңістікте насихатталуына ықпал етті. Сидешова Роза Азименқызы студенттердің тарихи танымын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында да ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Оның жетекшілігімен 2022 – 2023 оқу жылында Маңғыстау облыстық телеарнасымен бірлесіп «Руханият» циклі бойынша 12 деректі фильм түсірілді. Бұл жобалар студенттердің тарихи деректермен жұмыс жасау қабілетін дамытуға, ғылыми-шығармашылық



ізденістерін жетілдіруге және өңір тарихын кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар ғалым саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияның мүшесі ретінде тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бағытындағы жұмыстарға белсенді қатысып келеді. Ол «Отызыншы жылдар ойраны» жинағының 2-томын құрастыруға қатысып, аталған комиссия жұмысына қосқан үлесі үшін 2023 жылы Маңғыстау облысының әкімі Н.Ноғаяевтың Алғыс грамотасымен марапатталды. Ғалымның ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі әртүрлі деңгейдегі марапаттармен жоғары бағаланған. Атап айтқанда, Сидешова Роза Азименқызы Ш.Есенов университеті ректорының алғыс хатымен, Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен қатар ол Ш.Есенов университетінің 45 жылдық мерейтойлық төсбелгісінің иегері болып табылады. Бұл марапаттар оның жоғары білім беру саласындағы, ғылыми-зерттеу қызметіндегі және студент жастарды тәрбиелеу бағытындағы нәтижелі еңбегінің айқын көрінісі саналады. Ғалымның қоғамдық және тәрбиелік қызметі де жоғары деңгейде бағаланып келеді. Ол студенттерге ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Н.Жантөрин атындағы облыстық драма театрымен, Ә.Кекілбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейімен және Қ.Сыдықов атындағы облыстық кітапханамен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Осы бағыттағы еңбегі үшін 2022 жылы Ә.Кекілбаев атындағы тарихи-өлкетану музейі директорының алғыс хатына ие болды. Сонымен қатар университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласқаны үшін бірнеше рет университет ректорының алғыс хаттарымен және мақтау қағаздарымен марапатталған.

**Қорытындылай келе.** Сидешова Роза Азименқызының ғылыми-педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметі Ш.Есенов университетіндегі халықаралық академиялық ұтқырлық жүйесінің дамуына елеулі ықпал етті. Оның кәсіби үйлестіру жұмыстары нәтижесінде 6B01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы халықаралық білім беру кеңістігіне жүйелі түрде кірігіп, студенттердің кәсіби және ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған тиімді тетікке айналды. Ғалым-ұстаздың ғылыми-зерттеу еңбектері, тарихи-мәдени жобалары, қоғамдық қызметі және мемлекеттік деңгейдегі марапаттары Маңғыстау өңірінің тарихи мұрасын зерделеуге, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға және болашақ тарихшылардың кәсіби даярлығын жетілдіруге маңызды үлес қосып отыр. Осы тұрғыдан алғанда оның қызметі университеттің халықаралық академиялық беделін нығайтуға және қазақстандық тарихи білімді халықаралық деңгейде насихаттауға бағытталған нәтижелі ғылыми-педагогикалық қызметтің жарқын үлгісі болып табылады.